

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

Ұлт

ТАҒЫЛЫМЫ



Қазақстан - 2030

3

№2, 2004

Е.ЖҰМАТАЕВА,
Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры

С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ МӘНІСІ

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев алыс болашақта интеллектуалды әлеуеттің жаһандану иерархиясына ғаламдық мәнде шешу мәселесі біздің жоғары мектеп алдына қойып отырған макромақсат деп есептейміз. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Мұхтарұлы Арын аталған жаһандану мәселесін алдымен профессор және оқытушылар мен студенттерге жақсы жағдай тұтызудың материалдық қорын модернизация талабына сөйкестендіру іс-әрекетінен көрінуді мұрат етіп ұстанды. Бұл ұстанымы жүзеге асқаны белгілі. Осы жаһанданудың екінші мәнісі - мамандарды заман сұранымына үндестіру.

Міне, осы мақсатпен ақиқатшыл, әділ ғалымдарды топтастыру ниеті де шындық мөресінен көрінді. Ұлықтап отырған мәселелердің ең басымдығы - даналар мен ғұламалардың білік, интеллектуалды әлеует жайлы айтып кеткен өсиетнамасы мен қасиетті ой-тұжырымдарынан бүгінгі өмірге қатыстысын ала білуіміз. Ой мен білім ұстанымын аластырып алмауымыз. Соның бір көрінісі - ректор Е.Арынның С.Торайғыров шығармашылығына қатысты және ақынның 110 жылдық мерейтойына орай өткізген ғылыми-практикалық конференциясы. Осы конференцияның ғылыми ұсынысын іс-әрекетте таныту мақсатында Баянауылға С.Торайғыров еліне, ақынның ұшқан ұясына іссапарға барып, оның мазарына ғибадат етіп, жасөспірім ұрпақтарына, ақын арманы болып өткен шәкірттер мектебіне профессорлардың жаңа ағыммен сабақ беру рәсімі болатын. Өзімнің мәртебелі ұстазым - К.Жұмалиевтің тәлімін еске түсірген мен аталған мектептің 9-сынып оқушыларына “Адасқан өмір” дастанынан сабақ өтуге өзіндік жасағанмын. “Адасқан өмір” дастаны кеңестік дәуірде оқылып келгенімен, оған жаңаша философиялық дүниетаныммен (парадигма) талдау жасалмағаны, феномендігі айқындала бермегені, сол тоталитарлық нысанында оқытылып жүргені ақиқат, стиль жағына келсек, дастан риторикалық сарынға жүгінеді. Дастанның сөз басы, кспозициясы:

“Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,
Корсетпейтін жүректің іші бар ма?” -

деген жолдармен өріледі. Бұл түйіннен ішкі психологиялық құбылысты аңғаруға қиын еместігі байқалады. Жалпы дастанды тұтас хронометрлік

мәнде зерделесек, бес бөлімнен тұрады. Барлық бөлімдерде лирикалық қаһарман “Мен” деген есімдікті қолдану арқылы бірінші жақта ой толғайды. Алдымен бірінші бөлімді алып қарастырсақ, онда мынадай тұжырым шығады:

“Қастық деген не нәрсе: көрінген дос,
Қайғы деген не нәрсе: көңілім хош.
Алдау, күндеу, айла не, мен білмеймін,
Жүретімде түкпір жоқ сүюден бос.

тенеу

↓ ↓
Бәйшешектей құлпырар түрлен-түрге
Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге.
Жас тән мен сезім, білім қабат өсіп.

метонимия

↓ ↓
Мен перште ұжмақтан жаңа шыққан”.

Көріп отырғанымыздай, бірінші бөлімде ақын жас балғынның жүрегіне дақ түскен жоқ дей отырып, жас кезінде, бала дәуренде “жаннан” гөрі “тән, сезім”, “білім” қабат өсіп отырғанын танытады. “Жан” дамуы кейінгі кезеңдерде болатынын аңғартады. Бірінші бөлімде жас адамның келтірінді мәнде “перште” болатыны және оның құлпыра түсу құбылысын “Әлде дерсің” қайталау арқылы қоюлата градациялық суретпен айшықтайды.

Екінші бөлімде лирикалық қаһарман жігіттік дәуренге ойысты. С.Торайғыров жігіттік дәуренді 15 пен 30 арасында көрсетеді. Әрбір бөлімнің кіріспесі бар. Бұл бөлімде:

“Мен - жігіт, он бес - отыз арасында,

Алдымда толған мақсат, толған таңдау”.

Міне, осы жолдардағы жас жігіттің алдына мақсат қою және көсіп таңдау іс-әрекетінің маңызын айқындайды. Сөйтіп, жас жігіттің портретін беру арқылы сыртқы пішінін сомдайды. Лирикалық қаһарманның сырт пішіні ішкі ұстаныммен астасып беріледі:

“Жүретім жұлқынады әлдеқайда:

Бай болу, әкім болу, алғыс, атак -

Айлы күндей өткізу (символ)

Байлық оңды көрінді әуелі (1 талпыныс)

Таңдап қоймаған соң халық сеніп,

Қандай байлық шыдайды тойғызуға

Нанарларды оқытып, алғыс алсам,

Жаһан кезсем, көрілікте қажыға барсам

Байлық болмас, біреу байыса,

біреу кедейленбек.

Құл болмаған бай ма осы күнде?

Малды жинап, мақсатын ұмытпаққа

тенеу

↓
Өгіздей ең маяда шөпке тойып,

Байлықтан алмаған соң бақыт сатып, (себебі)

Мен емес, тәпім тірі, жаным өлік (символ)

Әрбір жан дүниеге өзін кіндік (түспалдау)
Қылмақшы, табылар ма мұнан бірлік

“Оны күшпен жеңем” деу бола ма ақыл
Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім
Мүмкін емес әділдік қылуға елге
Себебі: тастап әкім бола алмайды,
Балар мен молдалардың сөзін жерге...

Бірінші кәсіпті мақсат пен талдауға қойған лирикалық кейіпкер екі ұлай сұхбатқа түседі. Бір адамның қайшылыққа келуінің өзі философия мен психология ілімінің педагогикамен ұштастықта келуін қамтамасыз етіп, ішкі диалогтық құбылыстың, ішкі пайымның ішкі парасатын дамытуға, кәсіп таңдауда адамның адаспауына үлгі-өнеге, интериоризациясын үздіксіз дамытуға тіректік арна. Бұның өзі - классикалық ғылым. Осы арада педагогикадағы дидактика білім теориясындағы оқыту мазмұнсыз тұл екеніне тағы да бір көзімізді жеткізеді.

Лирикалық қаһарман байлыққа ие болу мақсатымен таңдаған әкімдік қызметінен айнып:

“Кетсем енді қайтеді, деп ойладым, -

“Даңқ, атак алатұғын істі қуып”

әскери (солайша Шыңғыс хан мен Бонапарттай).

Бұл мақсаты мен таңдауынан жеріген лирикалық қаһарман дәлелді жауап табады:

“Найзаның күшімен жанған бақыт,

Бір кезде найза ұшында өшпеске жоқ.

Өзі үшін тап өзінен басқа құдай,

Жоғына әр адамның көзі жетпек,

Керек-жарак бәрі де қымбаттанар,

Соғыстың шығындарын елге салмақ.

Ақыл, ой, адамдықтан мүлде безіп,

Бас кесер машина боп тұрмақ үшін”.

Жас жігіт даңқты әскер басы болу қызметінен де безінеді. С.Торайғыров бүгінгі соғысқа да сипаттама беріп отырғандай. Әлсіз мемлекетке тышқанмен ойнаған мысық секілді соғыс ашып, әлемдік сауда айналымдағы монополиялық ашқарақтық саясатын болжап кеткендей. Атап айтсақ, соғыстың қандай зардабы бар екенін философиялық, экономикалық, әлеуметтік-саяси тұрғыда бағалап, инфляциялық дағдарысты, ақшаның ауа болу зардаптарын айтып тұр. Міне, білім ғылым әлеуетінің классикалық тамаша қайталанбас үлгісі!

Үшінші кәсіп іздеуге талпынған лирикалық қаһарманның құлқы:

“Ашылмаған сыр тауып менің де атым

Эдиссон, Луи Пастерге теңдес болса”...

Байқап отырсақ, атақты даналардың тұжырымдары мен ашқан ғылыми жаңалықтарын бағамдай алған С.Торайғыров тірексіз, маңызсыз кәсіп таңдамайды. Мақсаты - таңдауы айқын.

Бұдан ақынның біліктілігі мен интеллектуалды әлеуетінің өзі бүгінгі және алыс болашаққа да жетерлік екендігін танытады. Өкінішке орай,

лирикалық қаһарман бұл кәсіптен де бас тартады. Оның себепті жауабын С.Торайғыровтың өзінен іздейік:

местонимия

местонимия

Бұрын көл болса, енді теңіз болды,
Өнердің арқасында адам қаны.
Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,
Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бөрі.
Бұл қалыпта бере алмас ғылым пайда.
Саймансыз келейлердің шаруа жағы!
Денсаулығы сорлының сенген малы.
Бұлай болса, күр текке жалуния алып,
Оларға масыл болып отырғандығы.

Дәрігерлік ғылымнан да халыққа әділдік келтіре алмайсын.
Мұнымен бірге аурудың өзі ғылым өскен сайын адам қаны бұрын көл болса, енді теңіз дейді.

Төртінші кәсіп: “Жер - анада тамақ жоқтан
Отыр ма адам бірін - бірі шайнап?
Не жерден тамақ тауып алатындай,
Ғылым жоқтың отыр ма бақты байлай”.

Сөйтіп, Жер-Ананың мәрттік, жомарттық қасиетіне “ғылым” тосқауыл қойғанына С.Торайғыров күйзеледі.

Төрт түрлі кәсіп іздеген лирикалық қаһарман жігіттік дәуренде бір тұрақ таба алмайды. Міне, біздің оқыту процесіндегі ізгілікті ұстанымның болу болмауы ортасына тікелей байланысты екені Сұлтанмахмұт заманынан белгілі болған. Оқыту жүйесінде: “Нені оқытамын?” деген ізденісті сұрақтан “Парасатты іс-әрекет” моделі шығады. Өкінішке орай, ойы адасқан адамда парасат болмайды деген тұжырымды осы поэмадан толық аңғардық. Мақсат қою мен кәсіп таңдау ол сыртқы фактор, ортаға, уақыт пен кеңістікке тікелей байланысты екеніне аталған шығарма нығарлай түспек. Адамның 30-дан асқан шағында тоқтаған кезеңі туатынына да С.Торайғыров дәйекті түйін айтқан. Үшінші бөлімге ақын “Мен тоқтадым” деген атау қойған. Мұнда лирикалық қаһарман:

“Дүние - өзен, ағысын кім тоқтатар?
Ағып кете баратын мен бір салам.
“Әділдік”, “ар”, “аламдық” деген сөздер,
Күшсіздерлі алдауға қылған амал”.

Бұл кәсіптің де баянсыздығы анықталып, ақын оған былай жауап береді:

“Қалай елн егерсің бейнеттеніп,
Көзің жетіп тұрса егер, ормасыңа.
Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай.
Дүние - жау, жегізу майданы екен
Жеңе алсам жеймін демей не деймін.
Қолға билік пен кәсіп тесе, әділдік жолдан таясың, -

деген ақынның тұжырымы - өмірдің сабағы, өмірдің ғылымы, өмірдің қатыгез заңдылығы.

Төртінші бөлімге “Мен - көрі” деген айдар берілген. Лирикалық қаһарман:

“Жастықта тапқан ғылым, өнері жоқ,
Жас біткен ақыл сұрап қайрылатын;
Мен секілді әкесін о да қарғар,
Тудырды деп, дүниеден көңілі суы”.

Жігіттігінде ғылым игеріп, баяны бар кәсіпке ие болмаған адамның кәрілік кезеңі кедейлікте өтеді дегенді аңғарамыз. Бұл арада кедейлік - “жан” мен “рух” кедейлігі. Егер “тән” тірі, “жан” өлік болса, адамның өзі өзіне құл деген ойды анық аңғартып тұр. Толық трагедия, өзінің рухсыздығы баласына, ұрпағына ауатыны жайлы сынай-дастанның сарыны. Әрине, бұл дастандағы “Менді” автордың өзі екен деген ойдан аулақ болуымыз керек. Біздерге айтылған парасатты өсиет, данышпандық тұжырым деп қабылдаған дұрыс.

“Мен - өлік” тақырыбында суреттелген бесінші бөлімде өлі бейненің натуралды сипаты, портреті беріледі.

“Белгілі түрі қараңғы, тіс сақияп,
Көзімнен жарық сөнген, түр ақияп,
Мені апарып жер бол деп, жерге қойды,
Жалғызбын, жарығы жоқ жерге қойды.
Мен, топырақ, топырақта жоқ сезім, тіл мен құлақ”.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өзінің мәйітін қандай рәсіммен қойғаны баршаға жаңалық емес. Данамыз жердің асты емес, үстіне қойып, жарық жерде болуына тірі кезінде қам жасап, оған өзінің білімі мен ғылымы жетіп еді ғой. С.Торайғыров кейінгілердің мәйітті дұрыс арулай алмауын айтты ма екен. Оны білмейтін ғылымсыздық дәрежемізді меңзеді ме деген сұңғыла ой мені де мазалады. Әсіресе, “Жалғызбын, жарығы жоқ жерге қойды” деп лирикалық кейіпкердің жар сала зарлауында осы меңзеу бар сияқты. Оған Қожа Ахмет Иассауи данышпанның мазарындағы хандарымыз бен сұлтандарымыз бейіттері үлгі сияқты болып көрінді. Иә, академик Қажым Жұмалиевтің француз әйелінің мүсінін тақтаға салғанын бір кезде қалай түсінбесем, адамның жанынан бөлінгендегі сипатын және оның ақиреттік, бақилық құбылысын қандай рәсіммен қояды да С.Торайғыровтың аталған ой толғанысынан табу қиынға соқты. Өйткені, ол құбылыс бізге жұмбақ. Біз оның заңдылығы мен ғылымын меңгермедік. Соған қам жасаған асыл акын С.Торайғыровты дана демей кім дейміз?!

Ең соңғы сөзі философиялық түйінмен өрнектеледі:

Не болар ^{местонимия}топырағы жүрегімнің -
^{клтгі сөз}
Тірліктегі ұясы тілегімнің?
Не болар бәрін көрген көз топырағым
Топырағы миымның, білегімнің”.

Қорыға айтқанда, мәнсіз өмір сүрудің өзі жаныңның өлуі дегенді акын айқын айғақтап тұр. Егер ортаң түзу болмаса, кәсіпті мақсат етіп таңдағаннан тек өз өзінді таба алмай адасасың деген пайымды ұсынып отыр. Бұл поэманың бүгінгі және алыс болашаққа тигізер пайдасы зор.